

## Әтия Тырнақов

Қазақ даласындағы алғашқы түсті метал өндіріс орнының пайда болуына негіз болған Қарсақбай кен орнында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген Әтия Тырнақов, 1941-жылы Шығыс Конырат кен орнына келіп, бұрғышы мамандығын тез игеріп алады да, кейіннен кен орнындағы ең озат бұрғышылар бригадасын басқарады. Оның бригадасы аусында шығарылуға тиісті 20 тонна молибден кенінің орнына 40 тоннаны тұрақты беріп отырады. Әтия Тырнақов еңбек өнімділігін арттыру жолдарын іздестіруден тынбайды. Ол өнделетін кемерлердің биіктігін 2 метрден 4 метрге көтеріп, ойықтардың терендігін ұлғайтуды ұсынады. 1942-жылдың қараша айында Ә. Тырнақов әріптесі Смирновпен бірге бір аусында жоспарлы 800 текше метрдің орнына, 420 текше метр руда алады. Оның соғыс жылдарындағы ерен еңбегі майдан даласындағы жауынгерлер ерлігіне теңеле аталды.

КСРО түсті metallurgия министрі П. Ломако өзінің «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы түсті metallurgия» кітабында «жоспарын 500-600% орынданап отырған бұрғышылар бригадирі Ә. Тырнақов сиякты еңбек ерлерінің атын атамау мүмкін емес», - деп жазды. 1941-1945 жылдар арасында, алғаш Балқаш қара мысы алынған күн - 24-қарашада ең үздік бұрғышы мен шахтерге Ә. Тырнақов атындағы құрметті сыйлық беріліп отырылды. Ә. Тырнақов 1944-жылы жұмыс басында қайтыс болады.

